

Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім Министрі
Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті
Биологиялық қауіпсіздік кафедрасы

I - СӨЖ

*Тақырыбы: Тауық гетеракидозын
балау , емі және алдын – алу шаралары*

Орындаған: ВМ-401 студенті Турсабаева С

Тексерген: б.ә.к Ахметова Г.Д

Алматы – 2015 жыл

ЖОСПАР:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

Анықтамасы

Қоздырғышы

Өсіп- өнуі

Мекен-жайы

Даму айналымы

Эпизоотиялық деректер

Аурудың өрбуі

Сырт белгілері

Диагностикасы

Өлекседегі өзгерістер

Емі

Алдын – алу , сақтандыру шаралары

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Құстардың *H. gallinarum* дейтін жұмыр құрт тудыратын, ішін өткізіп, әлсірететін, жұмыртқа салуын доғаратын немесе сирететін ішқұрт ауруы. Бұл паразит тауық пен куркетауықтан басқа мысыр тауығында, қырғауылда, сирек жағдайда үйрек пен қазда да кездееді.

Тек тармағы: Oxyurata

Тұқымдасы: Heterakidae

Туысы: Heterakis

Түрі: *H. gallinarum*

Қоздырғышы: Кішігірім жұмыр құрт, ұзындығы 6 - 12 мм-ге дейін.

Өңешінің астыңғы жағы торсиып кеңейген, шар тәрізді бульбусты құрайды. Ауызы үш ерінмен көмкерілген. Еркек құрттардың екі тең емес спикуласы бар. Біреуінің ұзындығы екіншісінен үш есе қысқа, үшкір сителт тәрізді болып келген. Құйрық жағында жабысқақ бүртігі бар.

Ұрғашысының қынабы денесінің арт жағында орналасады. Гетеракис жұмыртқасы - ұзынша, сопақ келген, тұрқы 0,063-0,075x0,036-0,048 мм. Қабығы екі қабатты, ішінде дөңгелек бластомері бар.




Рис. 16. *Heterakis gallinarum*:

1 — головной конец паразита; 2 и 3 — хвостовой конец самца и самки; 4 — самка (слева) и самец в натуральную величину; 5 — яйцо на разных стадиях развития



Мекен – жайы: тауықтардың, тауық тұқымдастардың соқыр ішегінде.

Даму айналымы: Тікелей оксиуридті типпен өтеді. Ұрғашылар ішекте жұмыртқаларды үзбей бөліп тұрады. Олар сыртқы ортаға түсіп, 2 -3 аптаның ішінде залалдандырғыш жұмыртқаға айналады. Ішінде балаң құрт пайда болады. Осындай қауіпті жұмыртқалар жеммен, сумен тауықтардың ас қорыту жүйесіне түседі. Майда ұрықтары босайды да, 111 кілегей қабына енеді, түлейді, 6 - 12 күннен кейін ішек қуысына түседі де, 24 - 35 күннен кейін ересек сатысына айналады.

ӨСІП – ӨНУІ


Гетеракистердің өсіп-өнуі оксиурид типтес. Ішқұрттың ұрғашылары ішек қуысына жұмыртқа салады. Олар құстың саңғырығымен қоршаған ортаға шығады. Жұмыртқалары қолайлы жағдайда , 1-3 аптадан кейін жұқпалы сатысына жетеді. Құстар шарбақ ішінде немесе құс қораларында , сумен немесе жеммен инвазиялық жұмыртқаларды жұтып , ауруға шалдығады. Құс ішегінде жұққан жұмыртқалардан балаңқұрттар шығып , 24 сағаттан соң бүйеннің соқыр өсіктеріне енеді , оның кілегей қабығының ішінде 6-12 тәулік аялдап , тоқ ішек ішіне қайта түседі , 24-36 күннен кейін ересек гетеракистерге айналады.



Эпизоотологиялық деректер:
Гетеракидозбен барша жастағы құстар ауырады. Бірақ, 8 айдан 2 жасқа дейінгі тауықтарда бұл ауру жиі кездеседі. Ауру жаз, күз және қыс айларында көбірек таралады. Құрттардың жұмыртқалары сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына өте төзімді келеді.

Гетеракидоз қоздырғыштарын шыбындар және т.б. жәндіктер тасымалдауы мүмкін. Сондай – ақ, жауын құрттары – шемендер гетеракистің қор жинағыш иесі болып саналады.

Аурудың өрбуі



Тауық организмiне гетеракистер уытты және жарақаттау әсерiн тигiзедi. Асқазан жолдарының қызметi бұзылады, құс арықтайды, жұмыртқалағыштығы төмендейдi. Гетеракидозбен ауырып, гистомоноз жұқтырған құс, сыртқы ортаға iшiнде гистомонос қарапайымдылары бар, құрт жұмыртқаларын бөліп шығарады. Мұндай жұмыртқалармен зақымданған құс, бір мезгілде екі ауруға шалдығады. Мұндайда, гетеракистер гистомоноз ауруын асқындырады.

Сырт белгілері: Ауру құс күйзеледі, әлсірейді, тәбеті қашады. Ас қорыту жүйесі бұзылады. Құстың іші өтеді. Шөжелердің өсіп – жетілуі тоқтайды. Тауықтың жұмыртқалауы азаяды.

Диагностикасы: Гельминтоовоскопия, Фюллеборн немесе Дарлинг әдістерін қолданады.

Өлекседегі өзгерістер: Гетераксистің балаң құрттары даму сатысында сойылған тауықтарда соқыр ішек қабаттарында тифлит белгілерін тұғызады, яғни онда қабыну құбылысы мен қатар көптеген түйіндер пайда болады. Соқыр ішектің кілегей қабығы мүжілген, әр жерінде некроз ошақтары және эпителиінің ыдырауы байқалады.



Емі:

1. Фенотиазин - 0,3 - 0,5 г/кг
балапандарға, 1 - 1,5 г/кг
мөлшерінде
тауықтарға екі күн
қатарынан, ылғалданған
жемге қосып береді.

2. Пиперазин - 0,5 г/ бір
тауыққа екі күн қатарынан
жемге қосып
береді.

3. Нилверм (тетрамизол) –
0,08 г/кг мөлшерінде
ылғалданған жемге
қосып береді.

4. Мебенвет – гранулят
10%-тік - 0,4 г/кг
мөлшерінде жемге қосып
береді.

5. Панакур (фенбендазол) –
0,01 г бір басқа екі күн
қатарынан жеммен
араластырып
көректендіреді.

6. Ринтал – 0,01 г бір басқа екі
күн қатарынан, жемге қосып
береді.

**Алдын – алу,
сақтандыру
шаралары:**



1. Тауықтарды ұстайтын торларды мезгілімен тазалап, химиялық заттармен залалсыздандыру.



3. Тауықтардың саңғырықтарын биотермиялық әдістермен залалсыздандыру.



2. Сақтандыру дегельминтизацияны өткізу. Бұл шаралар көктемде және жазда жүзеге асырылады.



4. Химиялық сақтандыру, яғни 45 - 60 күн қатарынан жеммен қосып фенотиазинді 0,1 – 0,3 г/кг мөлшерінде немесе фуридинді 30 г/т жемге, болмаса гигроветинді 1,5 кг/т жемге қосып береді.

Қорытынды

Гетеракидозды шыбындар және т.б. Жәндіктер тасымалдауы мүмкін. Құстарды көктем , жаз айларында гетеракис құрттарынан тазартуға бағыттайды. Бұл паразит тауық пен куркетауықтан басқа мысыр тауығында , қырғауылда , сирек жағдайда үйрек пен қазда да кездеседі.

Пайдаланылған әдебиттер

- ✓ *М.С.Сабанишев , 2001 жыл “ Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары”*
- ✓ *Шабдарбаева Г , Гельминтология*
- ✓ *Ақаев А. Үй құстарының гельминтоз аурулары, Алматы 1981*
- ✓ *Демидов Н.В. Гельминтозы животных. Справочник. – М. Агропромиздат , 1987.*
- ✓ *Шульц Р.С., Диков Г.И. Гельминты и гельминтозы сельскохозяйственных животных. Алма-Ата , Кайнар , 1964.*